



БҰЙРЫҚ
2017 ж. 29 наурыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 200
г. Астана

«Салықтық өтініштердің
нысандарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 604 бұйрығына өзгеріс
енгізу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ		
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ		
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ		
17	27	04
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15058		
Тіркеу тарамағы №		
Бастап тіркелді		

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 568-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10175 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа II-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтініш осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрінің мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі



Б. Сұлтанов

A handwritten signature in black ink, appearing to be the initials "BS" or similar, located at the bottom left of the page.

A handwritten signature in black ink, appearing to be a stylized letter "Q" or similar, located at the bottom right of the page.

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
2017 жылғы 25 ақпартындағы № 308 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
2014 жылғы 01 қаңтарыдағы № 604 бұйрығына
11 қосымша

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӨРІПТЕРМЕН толтырыңыз.
Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 Салықтық өтінішті берген (тиісті торкөзді көрсетіңіз):
 А сенімгерлікпен басқарушы В дара кәсіпкер С заңды тұлға
 D Қазақстан Республикасындағы қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес

2 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

3 Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты
Тегі
Аты
Әкесінің аты

4 Салық төлеушінің атауы

Бөлім. Салықтық өтініш

5 Салықтық өтінішті беру себебі (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
 А қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою В қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстыру С қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару
Егер 5-тармақта "А" торкөзі белгіленсе (тиісті торкөзде көрсетіңіз): міндетті ерікті

Бөлім. Қосымшалар

7 Салықтық өтінішке қоса беріледі (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
 А қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясы*
*салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде қоса береді

Бөлім. Салық төлеушінің келісімі

Біз (мен) осы салықтық өтініш шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береміз (беремін).


Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

Салықтық өтінішті қабылдаған күні

Салықтық өтініштің тапсырылған күні

Салықмен құн айналымы



Бөлім. Мемлекеттік органның белгісі

Салықтық өтінішті қабылдаған күні

Салықтық өтініштің қабылданған күні

Салықмен құн айналымы

Мемлекеттік кірістер органының коды

Ш.О.

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.